

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ – түрік университеті

2024-2025 оқу жылындағы

Стратегиялық даму және сапа комитеті мәжілісінің

№2 хаттамасы

Түркістан қаласы

22 қаңтар 2025 жыл

Сағат 14:30

Қатысқандар: Комитет мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әлемдік, ұлттық рейтингтерге (QS, THE және т.б) қатысу туралы.
2. Университет құрылымдарында жүргізілген 2024-2025 оқу жылының ішкі аудит нәтижелері туралы.
3. Әр түрлі мәселелер.
- 3.1. Университет Сапа жетекшілігін актуализациялау.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мәжіліс төрайымы Стратегиялық даму және сапа комитетінің төрайымы, Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры Ошибаева Айнаш Есімбекқызы әлемдік рейтингтерге (QS, THE және т.б) қатысу туралы қысқаша айтып өтті, әрі қарай толық мәлімет беру үшін сөз кезегін Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы Кырыкбаева Салтанат Саятовнаға берді. Орталық басшысы сапаны қамтамасыз етудің ішкі жүйесі тиімділігінің негізгі көрсеткіші ретінде университеттің беделі үнемі артып келтіндігін және Халықаралық рейтингке қатысты Ахмет Ясауи университеті QS World University Rankings беделді халықаралық рейтингінде 714-ші орынға ие болғанын, ал 2022 жылы әлемдегі ең үздік 1000 университеттің қатарына енгендігін ал 2023 жылы ол 1499 университет арасында 787-ші орынды иеленгендігін, ал 2024 жылы ол әлемдегі ең үздік 1503 университеттің ішінен 801-850 орында тұрғандығын айтып өтті. Сонымен қатар, 2023 жылы Ахмет Ясауи Университеті пәндік салалар бойынша әлемнің үздік университеттерінің үш рейтингіне кірді. Олар: "Өнер және гуманитарлық ғылымдар" пәндік рейтингінде 394-орынды, "Қазіргі Тілдер" пәндік рейтингінде 215-орынды иеленді және "Білім беру және оқыту" пәндік рейтингінде 301-350 - орындардың арасында орын алды. 2024 жылы әлемнің үздік университеттерінің пәндік рейтингтерінде біздің ЖОО "Өнер және гуманитарлық ғылымдар" пәндік рейтингінде (Arts&Humanities) 451-500 орынның арасында, "Қазіргі Тілдер" пәндік рейтингінде (Modern Languages) 201-250 орынның арасында және "Білім беру және оқыту" пәндік рейтингінде 251-300 орынның арасында айтарлықтай көтеріліп, позицияда тұр "(Білім беру және оқыту). 2022 жылы Ахмет Ясауи Университеті Quacquarelli Symonds (QS) Emerging Europe and Central Asia

(ЕЕСА) университеттерінің аймақтық рейтингінде 130-шы орынға көтеріліп, бірден 45-ші орынға көтерілді. 2022 жылы Emerging Europe and Central Asia рейтингі екіге бөлінді, сол кезде Ахмет Ясауи университеті Азия континентіндегі 686 университеттің ішінде 239-шы орынды иеленді. Сонымен қатар, біздің білім беру мекемесі осы рейтингте Орталық Азия мемлекеттері арасында 10-шы орынға ие болды. 2024 жылы Ахмет Ясауи университеті QS Asia University Rankings аймақтық рейтингі мен рейтингінде Азиядағы 984 университеттің ішінен 193-ші орынға ие болды. Ал Орталық Азия мемлекеттерінің 35 университетінің ішінде Үздік 9 университетке енді. Біздің университет QS Sustainability Rankings рейтингіне алғаш рет 2024 жылы кірді. Айта кету керек, Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу саласындағы әлемдегі үздік университеттер рейтингінің жаңа редакциясы 1403 университетті қамтиды. Біздің университет жаһандық талдау агенттігінің әлемдік рейтингінде 1151-1200 орынның арасында орналасқан. Бұл ретте Азияда 362-ші және Қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 8-ші орынды иеленді. Әрі қарай, 2023 жылы біздің университет алғаш рет БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына сәйкестігін бағалайтын Times Higher Education Impact rankings рейтингін қамтитын әлемнің 112 елінен 1591 университеттің қатарына енді. 2024 жылы Ахмет Ясауи университетінің көрсеткіштері оған 1001 + позицияларына кіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, университеттің Ұлттық рейтингтердегі көрсеткіштері де айтарлықтай жақсарды. Арта (аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі) нұсқасы бойынша біздің ЖОО-да 2019 жылы 11-орынды, 2020 жылы 9-орынды және 2021 жылы 5-орынды иеленді. Ахмет Ясауи университетінің сайты Webometrics - 2022 әлем университеттерінің рейтингінде 4928 орынды және отандық жоғары оқу орындарының арасында 7 орынды иеленді. Ал 2023 жылы әлемнің жоғары білім беру мекемелері арасында 4486 орынға ие болып, отандық жоғары оқу орындары арасында 6-орынға ие болды. 2022-2023 оқу жылына Ахмет Ясауи Университеті институционалдық аккредиттеу рәсімінен өтті және 5 жыл мерзімге "тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігімен" (арта – НААР) сертификатталды. Барлық білім беру бағдарламаларында мамандандырылған аккредиттеу сертификаттары бар жыл сайын 40-80 білім беру бағдарламасы бастапқы аккредиттеуден, қайта аккредиттеуден немесе мониторингтен кейінгі аккредиттеуден өтеді деп өз сөзін аяқтады. Ал ұлттық рейтинг бойынша ЖЖОКБҰ Ұлттық рейтингке қатысу бойынша университетімізде Ректордың 16.01.2025ж. № 012 бұйрығы шыққандығын және деректерді толтыру мақсатында жұмыс штабының құрамы бекітілгендігі жөнінде айтып өтті.

Шешім: Университетіміздің әлемдік рейтингтерге (QS, THE және т.б) қатысу бойынша ұйымдастыру жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелінсін. ЖЖОКБҰ Ұлттық рейтингке қатысты мәліметтер 15-31 қаңтар аралығында декретер уақытында толтырылсын.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша орталық басшысы университет құрылымдарында жүргізілген 2024-2025 оқу жылының ішкі аудит нәтижелері туралы айтып өтті. Халықаралық стандарт ISO 9001:2015 талаптарына сәйкес, университетіміздің академиялық, академиялық емес құрылымдық бөлімдерінде, «АИ» дәрігерлік амбулаториясында, оқу ғимараттары мен жатақханаларында, асхана және қазандықтарында университет Ректорының 29.10.2024ж. күнгі №214 бұйрығы негізінде кешенді ішкі аудит өткізілді. Ішкі аудит 5 кезеңмен ұйымдастырылды. I кезең: 04.11-08.11.2024жж., II кезең: 11.11-15.11.2024ж.ж., III кезең: 18.11-22.11.2024жж., IV кезең: 27.11-29.11.2024жж., V кезең 04.12-06.12.2024 жж. аралығында. Кешенді аудитке университеттің сапа менеджменті жүйесі бойынша сертификатталған 16 аудитор қатысты. Аталған ішкі аудиторлар құрамынан университеттегі барлық құрылым бойынша ішкі аудит жүргізу үшін 5 топ жасақталды. Аудиторлар ішкі аудит барысында аудитор этикасымен таныстырылды және аудит жүргізу барысында аудиторлар планшет пен бағалау чек-парақтарын қолданды. Әр аудиторлық топтар бойынша топ жетекшісі белгіленді және әр бағыт бойынша бағалау чек-парағы жасалынды. Олар төмендегіше тізімде:

1. Құрылымдық бөлімдер
2. Кафедралар
3. Кафедралардың университет сайтындағы веб-парақшалары
4. Ғылыми-зерттеу институты/ орталығы
5. Колледж бөлімшесі
6. Кітапхана
7. Оқу ғимараттары
8. Студенттік жатақхана
9. Виварий зертханасы
10. «АИ» дәрігерлік амбулаториясы
11. Кафедра (оқу зертханалары)
12. Орталық асхана
13. «Яссы» қонақ үйі
14. Мұрағат
15. Мүмкіндігі шектеулі студенттер мен инклюзивті ортаны қолдау үшін қол жетімді орта
16. Қазандық
17. Желдету және ауаны баптау жүйелерін пайдалану

Аудит барысында барлық құрылымдар бойынша жалпы 1878 сәйкессіздік анықталды. Оның ішінде елеулі 438, елеусіз 1440 болғандығын айтып өтті.

Шешім: Ішкі аудит барысында анықталған сәйкессіздіктер түзетілуі және жойылуы тиісті құрылым басшылары тарапынан қатаң қадағалансын (Жауапты: құрылым басшылары, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы. Мерзімі - тұрақты).

Ішкі аудит барысында анықталған СМЖ құжаттары бойынша сәйкессіздіктерді түзетуге 20.01.2025ж. дейін мерзім беріліп, орындалмаған жағдайда тиісті шара қолдануға ұсыныс берілсін (Жауапты: құрылым басшылары, Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы).

Ішкі аудит есебі университет сайтына орналастырылсын (Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы. Мерзімі: 2025ж. 27 қаңтарға дейін).

3. Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселе бойынша орталық басшысы назарларыңызға Университеттің Сапа жөніндегі жетекшілігі құжатын ұсынып отырмыз. Бұл құжатты сіздерге алдын ала таратқан болатынбыз. Егер ұсыныстарыңыз болса қосыңыздар дей келе, орталық басшысы сапа жөніндегі жетекшілігі ISO 9001:2015 және ҚР СТ ИСО 9001-2016 стандарттарында келтірілген сапа менеджменті жүйесінің талаптарына сәйкес жасалынғандығын, сонымен қатар, Жетекшілік сапа менеджменті жүйесінің сипаттамасын, университет қызметінің объективті және нақты нәтижеге жетуді қамтамасыз ететін басшылық жауапкершілігі мен құжаттар жиынтығын құрайтындығын комитет мүшелеріне баса айтып өтті. Комитет мүшелері Университеттің Сапа жөніндегі жетекшілігі құжатын бірауыздан қолдайтындықтарын білдірді.


Шешім: Университеттің Сапа жөніндегі жетекшілігі бекітілсін және университет сайтына орналастырылсын. (Жауапты: Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығы. Мерзімі: 2025ж. 27 қаңтарға дейін).

Стратегиялық даму және
сапа комитетінің төрайымы:



А.Ошибаева

Хатшы:



Ж.Сейткулова